Сотрудничество, как способ регулирования конфликтов, возникающий во взаимодействии с другими учителями и учащимися, был выбран 59,8% учителями, что на 45,1% выше, чем на первичной диагностике. На 2,4% было снижено количество будущих учителей, которые выбрали избегание и приспособление как способы регулирования конфликтов, возникающих во взаимодействии с другими учителями и учащимися. Таким образом, мы можем сделать вывод о положительной динамике в использовании стиля сотрудничества и компромисса, как одних из приоритетных способов регулирования конфликтов в ситуациях взаимодействия и коммуникациях с партнерами педагогического общения.

## **5 Выводы**

В теоретической части работы нами были изучены базовые основы развития компетенций педагогического общения будущих учителей, представленные в современной психолого-педагогической литературе, проведён анализ трудов отечественных авторов по проблеме развития компетенций педагогического общения будущих учителей. Проведённый анализ трудов позволил сделать вывод, что компетенция педагогического общения будущих учителей является важнейшим средством общения, без которого невозможно существование и развитие человеческого общества. Происходящие сегодня изменения в общественных отношениях, средствах коммуникации требуют развития компетенций педагогического общения будущих учителей.

Установлено, что развитие компетенций педагогического общения играет огромную роль в процессе освоения будущими учителями человеческих ценностей, знаний и её самореализацию в качестве творческой, уникальной, толерантной индивидуальности в ходе коммуникативного взаимодействия с субъектами педагогического общения.

Развитие компетенции педагогического общения у будущих учителей является актуальной проблемой, решение которой имеет большое значение, как для каждого конкретной личности будущего учителя, так и для общества в целом. Сказанное выше определило важность и необходимость разработки и использования в работе программы «Развитие компетенций педагогического общения будущих учителей». В процессе реализации программы мы могли наблюдать и оценивать изменения, которые происходили с будущими учителями, то, как изменялось их отношение в выстраивании эффективного взаимодействия на протяжении всей экспериментальной работы. Повторная диагностика уровней компетенций педагогического общения проводилась на контрольном этапе экспериментального исследования. Были использованы те же методики, что и на констатирующем этапе экспериментального исследования. По результатам проведённого формирующего эксперимента можно сделать вывод о том, что уровень развития компетенций педагогического общения по когнитивному, деятельностному и мотивационному критериям у будущих учителей значительно повысился.

## **Список литературы**

1. Бодалев А.А. Психолого-педагогические проблемы взаимодействий учителя и учащихся // Сб. науч. тр. АПН СССР / под ред. А.А. Бодалева. – М.: Изд. НИИ ОП АПН СССР, 1980. – 159 с.
2. Мандыкаева А.Р. Тұлға қабілеттерін дамытудағы қарымқатынастың психологиялық ерекшеліктері: психол. ғылымд. канд.... дис. автореф. – Алматы, 2009. – 24 б.
3. Кулжанбекова, Г.К. Коммуникативные игры как средство формирования компетентности будущих учителей (на материале факультетов иностранных языков): автореф. ... канд. пед. наук. – Алматы, 2006. – 26 с.
4. Жазыкбаева, К.Т. Формирование культуры педагогического общения в профессиональной деятельности учителя: автореф. дис.... канд. пед. наук: – Туркестан, 2006. – 32 с.

**ЖАНБУРБАЕВА, Ж.Б.**

**БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН  
ДАМУЫНДАҒЫ ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЗЕРТТЕУ**

Мақалада болашақ мұғалімдер арасында педагогикалық қарым-қатынас құзыреттілігін дамытуды эксперименттік зерттеуді жүзеге асыру тәжірибесі келтірілген. Болашақ мұғалімдер арасындағы педагогикалық қарым-қатынас құзыреті-бұл белгілі бір салада табысты кәсіби қызмет үшін қажетті қабілеттердің, қасиеттердің және жеке қасиеттердің жиынтығы.

Болашақ мұғалімдерде педагогикалық қарым-қатынас құзыреттілігін дамыту бағдарламасының тиімділігін тексеру эксперименттік жұмыс аясында өтті. Болашақ мұғалімдердің мотивациялық, когнитивтік және БЕЛСЕНДІЛІК критерийлері бойынша педагогикалық қарым-қатынас құзыреттілігін дамыту деңгейлерінің көрсеткіштерінің оң динамикасы болашақ мұғалімдерде педагогикалық қарым-қатынас құзыреттілігін дамытудың әзірленген бағдарламасының тиімділігіне қатысты тұжырымдалған теориялық және әдіснамалық ережелердің дұрыстығын растады.

**Түйінді сөздер:** құзыреттілік, педагогикалық қарым-қатынас, болашақ мұғалімдерде педагогикалық қарым-қатынас құзыреттілігін дамыту бағдарлама, эксперимент.

**ZHANBURBAEVA, ZH.B.**

**EXPERIMENTAL STUDY OF THE DEVELOPMENT OF PEDAGOGICAL COMMUNICATION  
COMPETENCIES IN FUTURE TEACHERS**

The article presents the experience of implementing an experimental study of the development of pedagogical communication competencies among future teachers. The competence of pedagogical communication among future teachers is a set of abilities, qualities and personality traits necessary for successful professional activity in a particular field.

The effectiveness of the program for the development of pedagogical communication competencies for future teachers was tested as part of an experimental work. The positive dynamics of the results of indicators of the levels of development of pedagogical communication competencies in future teachers according to motivational, cognitive and activity criteria confirmed the correctness of the formulated theoretical and methodological provisions concerning the effectiveness of the developed program for the development of pedagogical communication competencies in future teachers.

**Key words:** competence, pedagogical communication, development of pedagogical communication competencies in future teachers program, experiment.

**ӘОЖ 8.81**

**Исова, Э.Ә.**

Филология ғылымдарының кандиданты,  
қауымдастырылған профессор м.а.

**Қуанышбаева, Г.Ш.**

«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»  
оқу бағдарламасының 3 курс студенті

**МОТИВАЦИЯНЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ РӨЛІ**

**Түйін**

Берілген мақалада оқушының бойындағы мотивацияны қалай оятуға болатынын, сабаққа деген ынтасын, қызығушылығын қалай арттыруға болатынын жайлы айтылады. Яғни оқушы бойындағы білімді, шеберлікті, дағдыны қалыптастыратын білім беруде мотивацияның алар орны зор. Мотивация білім беруге тікелей әсер етеді. Пәнді оқыту барысындағы алар орны ерекше деп айтуға болады. XX ғасырдың басында психология ғылымында «бихевиоризм» деген сала пайда болған. Бұл сала оқытуды бақылауға болатын құбылыс деп қабылдайды. Осы сала мотивацияны ерекше бағалап, көңіл-күйдің, мінез-құлықтың қозғаушы күші деп санаған.

**Кілт сөздер:** Мотивация, бихевиоризм, оқыту, білім беру, мотив.

Мотивацияның білім берудегі маңызына тоқталмастан бұрын, дидактиканың жеке бір салаларын қамтитын оқыту, білім беру деген анықтамаларды қарастырған жөн.

Педагогика ғылымдарының магистрі, кәсіптік білім беру бағдарламасының аға оқытушысы Зинаш Тастемірқызы өзінің зерттеу еңбегінде: «білім беру – адамның жүйеленген білімді, білікті және дағдыларды меңгеруі, ақыл-ойы мен сезімдерін дамыту, дүниетанымы мен таным үдерістерін қалыптастыру үдерісі мен нәтижесі» [1; 76], – деп анықтама береді. Яғни, білім беру – адамның білімді болуына әсер ететін бірден бір факт екені айтпаса да түсінікті. Ал, білімді біз қалай береміз? Әрине, оқыту арқылы береміз. Оқыту дегеніміз жүйелі білім берудің маңызды әрі ең сенімді жолы. Мұғалім мен оқушылар арасындағы ұйымдастырылған өзара әсерлесу оқыту үдерісі болып табылады. Оқыту үдерісінің атқаратын қызметінің бірі – ынталандыру (мотивация беру). Оқыту барысында мотивтің бірімен бірі байланысқан үш тобы бар. Олар:

«1. Тікелей-ұмтылдырушы мотивтер. Бұл мотивтер тұлғаның эмоционалдық байқалуларына, оң және теріс эмоцияларына негізделеді.

2. Перспективтік-ұмтылдырушы мотивтер. Бұл мотивтер білімдер және оқу пәні маңыздылығын түсінуге негізделеді.

3. Интеллектуалды-ұмтылдырушы мотивтер танымдық үдерістің өзінен қанағаттануға негізделеді» [1; 82].

Мотив пен мотивацияның түбі бір, бірімен бірі тығыз байланысқан. Мотив көбіне көп адамның өз ішінен шығып жатса, мотивация сыртқы ортаға байланысты болып жатады. Мотивация туралы нақты анықтаманы шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне сүйеніп айтсақ, «мотивация – мақсатқа негізделген мінез-құлыққа түрткі болатын және оны қуаттап отыратын процесс (Schunk, Meese); мотивация – адамдардың қандай да бір әрекетке бару себебін түсінуге көмектесетін концепт (Graham, Weiner)» [2; 386].

Демек мотивация – оқушыны қуаттап отыратын процесс немесе ынталандыратын күш. Оқушыға күнделікті тапсырманы орындау барысында мотивацияның көмегі керек болмауы мүмкін, алайда білім алу үшін негізінен мотивация қажет. Кітап оқуға, білім алуға деген ынтасы жоғары, мотивациясы бар оқушы жаңа тақырыпты өту барысында ақпаратты қайталап, бұрынғы білгендерімен салыстырып, қосымша сұрақтар қойып, белсене араласады. Көбіне-көп күрделі тақырып немесе тапсырма келген кезде жеңіл тапсырмаларды орындаған оқушылардың көбі күрделіні қабылдамай, орындағысы келмей қалады. Ал, мотивациясы жоғары оқушылар жеңіл қабылдап, берілмеген жаттығуларға дейін орындап, қосымша ізденеді. Яғни, мотивация оқушыға оқытуды жеңілдетер істермен шұғылдануға мүмкіндік береді. Сол себепті білім беруде мотивацияның айтарлықтай орны бар және оған мұғалімдер бейжай қарауға болмайды.

Мотивация сөзін қазақ тілінде уәждеме деп аударған. Ғалым Анар Салқынбай «Қазақ сөзі: уәжділігі мен тектілігі» атты монографиялық зерттеуінде уәжділік сөзін басқа қырынан қарастырады. «Шығу тегі бойынша «мотивация» – «уәжділік» грек философиясынан бастау алады. Көне замандағы ғалымдар тілдің табиғаты туралы көптеген көшелі ойлар айтқан, зерттеген. Кейін үлкен ілім ретінде номиналистік ілім қалыптасқан. Тіл білімінде қарастырылатын уәжділік – атау сөз бен сөзді белгілеп тұратын шындық өмірдегі, табиғаттағы заттар мен құбылыстар арасындағы байланыс. «Уәж» сөзі қазақ лебізінде «дәлел» мағынасында жұмсалады» [3; 7].

Дегенмен де негізгі мағынасын жігерлену, ынталану, түрткі болу сынды сөздермен астасып жатыр. Мотивация ұғымын ғылыми айналымға енгізген ғалым, неміс философы, идеалистік бағыттың өкілі – А. Шопенгауэр. Мотивацияның ішкі, сыртқы, оң, теріс, тұрақты, тұрақсыз, жеке және топтық сынды түрлері бар. Білім беру барысында барлығын қолданып, іске асыруға болады.

Мотивация білім беру және оқытумен тығыз байланысты және бір-біріне әсер етеді. Оқыту кезінде мотивацияны көп жағдайда үшке бөліп қарастырамыз. Олар: тапсырмаға дейін, тапсырма кезі, тапсырмадан кейін.

«Тапсырмаға дейінгі кезең. Оқушылардың оқытуға деген бастапқы мотивациясына бірнеше фактор әсер етеді. Олардың тапсырмаларды орындаудағы мақсаты әртүрлі. Мысалы, материалмен танысу, жақсы нәтиже көрсету, тапсырмаларды басқалардан бұрын орындау және т.б.

Тапсырма орындау. Оқыту кезінде білім беру, контекстуалдық және жеке бас факторлары көрініс береді. Білім беру факторларына мұғалімдерді, оқытуға қатысты пікірлерді, материалдарды және құрылғыларды жатқызуға болады. Бұл факторлар тек оқуға әсер етеді деген пікір қалыптасқанымен, олар мотивацияға да әсер етеді. Мысалы, мұғалімнің пікірі оқушыны ынталандыруы да, ынтасын басып тастауы да мүмкін.

Тапсырмадан кейінгі кезең. Тапсырмадан кейінгі кезең – тапсырма аяқталған уақыт, сондай-ақ тапсырма кезінде оқушылардың сәл кідіріс жасап, жұмыстары туралы ойланатын, өздік рефлексия кезеңі» [2; 399].

Ғылыми зерттеулерде негізінен мотивацияның екі түрі айрықша көрсетіледі. Әрине, біріншісі – ішкі, екіншісі – сыртқы.

Ішкі мотивация – еш мадақтауды ашық қаламай, тапсырманы орындау үшін ғана әрекетке баруды айтсақ болады. Яғни адамның ішіндегі өзінің ақыл-ойы, ынтасы, қажеттілігі, эмоционалдық әсерленуінен болады. Оқушының ішінен өздігінен мотивация пайда болуы қажет. Ішкі мотивацияны қалыптастыру үшін оқушыны бастауыш сыныптан бастап дайындау қажет. Бастауыш сыныптан сабақ беретін мұғалімдер жаттығуды баяу орындайтын балаларға жаттығуды белгілі бір уақыт аралығында орындауға көмектескен кезде оларға түрлі мадақтаулар айтып, олардың мақтаныш сезімін, яғни ішкі мотивациясын оятып, қалыптастырған жөн. Алғаш кезде оқушының тапсырманы мұқият әрі тез орындайтынын ауызша немесе жазбаша айтып мақтайды. Содан кейін мақтауды азайтып, оқушылардың өз жетістігіне көбірек ден қоюына мүмкіндік береді. Тапсырманы дұрыс орындағаны туралы мақтаныш сезімі мадақтауға ұласқан кезде, балалар әрекеттерін әрі қарай жалғастыра беруге іштей ынталы болады.

Ал, сыртқы мотивация – сыртқы факторлардың, басқа адамдардың немесе белгілі бір оқиғалардың әсерінен болады. Оған мысал ретінде оқытушының қатаң талабын, оқушыны берілген тапсырманы орындауға мәжбүрлеуін немесе керісінше берілген тапсырманы орындаған оқушыға жоғары баға алуға қосымша мүмкіндіктер беруін жатқызуға болады. Өкінішке қарай, мотивацияның бұл түрі тапсырма орындауға мәжбүрлеген тиісті фактордың босаңсуына немесе аяқталуына байланысты тез тоқтайды. Сондай-ақ, мотивацияның бұл түрі жиі қолайсыздық туғызып, әртүрлі психологиялық жайсыздыққа соқтыруы мүмкін. Сол себепті сыртқы мотивация ішкі мотивацияға ауысуы керек.

Демек сыртқы мотивация мотивацияның тұрақты талпындырады, сыртқы орта әсерінен болады. Яғни оқушы өз нәтижесін, талпынысын тапсырма орындауға бағыттайды, алайда қажеттілік үшін ғана соны орындауға мәжбүр болады. Әрекет өз нәтижесінен рахат немесе мақтаныш үшін емес, тиесілі балл алу сықылды сыртқы мотивация болады. Шабыттандыру, алдыға ұмтылдыру тек сыртқы ортаға тәуелді болып қалады. Сол себепті сыртқы мотивациядан гөрі ішкі мотивация болғаны дұрыс.

Мотивацияның тағы бір түрі – жетістік мотивациясы. Білім беруде атқарар рөлі өте зор. Күрделі тапсырма берілген кезде оқушылар «бұл өте күрделі», «мұны жасау мүмкін емес» деп орындауға талпыныстары жоғалуы мүмкін. Өйткені оқушылардың жетістікке жету деген сенімі төмендеу де, сәтсіздікке деген қорқынышы жоғары болады. Осы жағдайдың алдын алатын мотивацияның түрі – жетістік мотивациясы. Осы арқылы оқушылардың оқуға, білім алуға деген үміттері оянып, оң әсер етеді.

Мотивацияның кез келген түрін білім беру барысында қолдануға болады. Ол, ең біріншіден, мұғалімнің тәжірибесіне байланысты, екіншіден, дұрыс қолдана алуында. Сондай-ақ, атақты тұлғалардың, мәселен, Уолт Диснейдің «егер сен бір нәрсе ойлап таба алсаң, демек оны жасап шығара аласың деген сөз» атты ойын, «Бұл іс қиын», «бұл сабақ қиын» деген сияқты тежеуші ойлардың орнына «қажетінше тырысатын болсам бұл менің қолымнан келеді» деп



ойлау керек» сынды мотивациялық сөздерді көрнекілік құрал ретінде пайдалану қажет. Өйткені, мотивация тек білім беруде емес, күнделікті өмірде де аса қажеттіліктердің бірі.

## **2 Материалдар мен әдістер**

Бұл мақаланы жазу барысында алдымен курстық тақырыпты зерттеп, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік кітаптар және осы салаға байланысты шығып тұрған ғылыми мерзімді басылымдарға талдау жасап, педагогикалық эксперимент өткізу, білу, түсіну, қолдану, анализ жасау әдістері қолданылды. Зерттеу тақырыбы бойынша педагог-ғалымдардың, психологтардың ғылыми еңбектері, оқу құралдары атап айтар болсақ, Дейл Х.Шунктің «Оқыту теориясы», З. Байжанованың «Жалпы педагогика», С. Ғаббасовтың «Педагогика және психология негіздері» т.б. пайдаланылды.

## **3-4 Нәтижелер мен талқылаулар**

Мотивацияның кез келген түрін сабақ барысында іске асыруға болады.

Егер, мұғалім өз пәніне деген оқушының тарапынан қызығушылық тудырып, ынтасын арттырғысы келсе бірінші мұғалім өзін-өзі тәрбиелеп, өз-өзімен жұмыс жасағаны дұрыс. Дәстүрлі сабақ беруден арылып, жаңашылдыққа тез икемделіп, ақпараттық интерпретацияға дайын болып, цифрлы сауатты болуы керек. Ең бастысы – оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру арқылы тілдік білімін барынша тереңдету.

Сабақта оқушылардың мотивациясын көтеруде жаңа әдіс-тәсілдердің тиімділігі өте көп.

Оның біріншісі – оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау әдісі. Осы әдіс арқылы тек Блум таксономиясы емес, басқа қырынан да ойлана алады. Оқулықпен ғана шектеліп қалуға болмайды. Сұрақ қойған кезде де сыни сұрақтар қойылса, оқушының қызығушылығы артып, ішкі мотивациясы ояна бастайды. Осы арқылы тек сабақта емес, күнделікті өмірде де әртүрлі жағдаяттарға сыни көзбен қарай алады. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамыту үшін маңызды болатын ең басты педагогикалық түсінік – сыни ойлау. Сын тұрғысынан ойлау қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғану кезеңдерінен тұратыны белгілі. Қызығушылықты ояту кезеңі мотивациямен тығыз байланысты. Осы аралықта оқу үдерісі кезінде қарастыратын мәселе туралы оқушы не біледі, не айта алады соны еске түсіреді. Осы кезде «топтастыру», «идеяны суреттеу», «ой шақыру» т.б. әдіс-тәсілдер қолданып, ең алдымен оқушының қызығушылығын оятқан дұрыс.

Екінші әдіс – сабақ форматын өзгерту, әдіс-тәсілдерді көптеп енгізу. Оқушының өзі ізденуге итермелейтін әдіс-тәсілдерді көптеп енгізу қажет. Мәселен, ментальдық карта жасау, постер құрастыру, РАФТ стратегиясы т.б. әдіс-тәсілдер өз тиімділігін дәлелдейді. Осыдан мынадай қорытынды шығарсақ болады: ресурстар + ұтымды әдіс-тәсіл + тиімді орта + дұрыс бағыт-бағдар беру + сын тұрғысынан ойланту = үздіксіз қызығушылық. Оқушы сабақ барысына белсене қатысқанда ғана материалды терең меңгере алады. Егер оқу үдерісі оқушы мен оқу материалын қосатын көпірді салуға негізделсе, онда осы үдерісті үйлестіретін мұғалімдер көпірдің екі жағында қадағалай білуі тиіс. Мұғалімдер оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын, сондай-ақ олардың қызығушылықтарын, әр оқушының нені жақсы көретінін және не істегісі келетінін түсінуге тырысады.

Үшіншісі – бағалау. Бағалауды біз көбіне сабақтың соңына алып қалып, аз ғана уақыт бөліп жатамыз. Ал шын мәнісінде бағалау – оқушылардың мотивациясына ықпал етуші басты фактордың бірі. Сол себепті қалыптастырушы, жиынтық бағалау түрлерін қолдана отырып, объективті бағалау арқылы оқушылардың мотивациясын өсіру қажет.

Төртіншісі – оқушының көзқарасымен санасып, сыныптың сабақ туралы пікірін ескеру қажет. Белгілі ғалым Д. Раддок өз сөзінде: «оқушылармен пікірлесудің мақсаты – қабылдаушының көзқарасы тұрғысынан алғанда оқудың не екендігін түсіну, жекелеген оқушылар мен топтар үшін оқуды қалай жақсарту», – деп айтқан болатын. Осы арқылы үлгерімі төмен оқушыларға мотивация бере аламыз.

Демек, оқу үдерісі кезінде оқушының мотивациясы болуы үшін, қызығушылығы болуы үшін сабақ материалы қызықты болуы керек. Дәстүрлі форматта өткізілген, өзгерісі аз,

жаттанды, бірсарынды, қайталанбалы сабақ жоспары – оқушының мотивациясын көтере алмайды. Жаңа әдіс-тәсілдер, kahoot, learning apps, quizz сынды ойын түрлері, топтық жұмыстар оқушылардың қызығушылықтарын көтереді. Мұғалім тек бағыт беріп, сабақты бастаушы, ұйымдастырушы ғана болуы керек. Осыларды сараптай келе оқушылардан мынадай нәтиже шығару керек. Олар:

- қысым жасалмауы керек, осылай еркін ойланады;
- топтық жұмыстарды жиірек істеу керек, біріне бірі көмектесіп, ынтымақтасады;
- шығармашылық белсенділіктері артады, тіл байлығы көбейеді;
- Ақпаратты дайын күйде ұсынбау керек, жан-жақты қарастырады;
- Формативті бағалау болуы керек, сыни көзқарас қалыптасады;
- Сабаққа деген қызығушылықтары оянып, ішкі мотивациясы күшейеді;

Оқу үдерісі кезінде мотивация үздіксіз жүруі тиіс. Ұй тапсырмасын тексерген кезде мадақтау яки жазалау әдісін, жаңа сабақты түсіндірген кезде, тапсырманы орындаған кезде жетістік мотивациясын іске асыру қажет.

Қорытындылай келе, мотивацияның білім берудегі рөлі бойынша біршама ғылыми-зерттеу еңбектерін қарастырып, тәжірибелік жұмыс барысындағы қызметіне тоқталып өттік. Көптеген ғалымдардың зерттеу еңбектерінен шығарған нақты қорытынды – мотивация іс-әрекеттің қозғаушы күші. Және мотивацияның бастау көзі сыртқы оқиғада емес, яғни мұғалімде емес, оқушының өз ішіндегі қажеттілігінде. Қажеттіліктің үш түрі бар: материалды, рухани, әлеуметтік. Осы қажеттілік негізінде мотивация пайда болады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Байжанова З.Т. Жалпы педагогика: Оқу құралы. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 168 бет.
2. Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл. – 608 бет.
3. Салқынбай А.Б. Қазақ сөзі: уәжділігі мен тектілігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 206 бет.
4. Оқу мотивациясын дамыту. Жалпы білім беретін мектептің мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқаулық. Құрастырушы: Жуманбаева А.О., деңгейлік бағдарламалар орталығының тренері / «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы» Ақмола облысы бойынша ПҚ БАЙ», 2014 ж. – 57 бет.
5. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей. Үшінші басылым. – Астана: Назарбаев зияткерлік мектептері, 2012 – 196 бет.

#### ИСОВА, Э.А., КУАНЫШБАЕВА, Г.Ш. РОЛЬ МОТИВАЦИИ В ОБРАЗОВАНИИ

*В данной статье рассказывается о том, как пробудить в ученике мотивацию, повысить мотивацию, интерес к занятиям. То есть мотивация играет важную роль в образовании, формирующем знания, умения, навыки у учащегося. Мотивация напрямую влияет на образование. Можно сказать, что предмет занимает особое место в процессе преподавания. В начале XX века в психологической науке появилась область «бихевиоризм». В этой области обучение воспринимается как явление, которое можно контролировать. Эта сфера особенно ценила мотивацию и считала ее движущей силой настроения, поведения.*

**Ключевые слова:** мотивация, бихевиоризм, обучение, образование, мотивация.

#### ISOVA, E.A., KUANYSHBAEVA, G.SH. THE ROLE OF MOTIVATION IN EDUCATION

*This article describes how to awaken motivation in a student, increase motivation, and interest in classes. That is, motivation plays an important role in education, which forms the knowledge, skills, and abilities of the student. Motivation directly affects education. It can be said that the subject occupies a special place in the teaching process. At the beginning of the twentieth century, the field of "behaviorism" appeared in psychological science. In this area, learning is perceived as a phenomenon that can be controlled. This sphere especially valued motivation and considered it the driving force of mood and behavior.*

**Key words:** motivation, behaviorism, training, education, motivation.

ӘОЖ82.0 (574)

**Оспанұлы, С.**

ф.ғ.к., профессор

**Мырзағалиева, К.М.**

Ахмет Байтұрсынов атындағы

Қостанай өңірлік университетінің

қауым.профессоры

**Нұрсұлтанова, А.**

педагогика ғылымдарының магистрі

психология кафедрасының оқытушысы

А. Байтұрсынов атындағы

Қостанай өңірлік университеті

Қостанай, Қазақстан

## РЕДАКТОР А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МЕН РЕДАКТОР С. МӘУЛЕНОВ

### Түйін

*С.Мәуленовте бір топырақта туғандықтан ба, әлде рухани көсеміміз деп көңілі аса аугандықтан ба, немесе өзінің табиғи жаратылысынан ба, әйтеуір Ахмет Байтұрсынұлына ұқсастық көп. Ол адалдығы, халық қамын өз пайдасынан жоғары қоюшылығы, турашылдық, шындықты бетке айтуы, анау-мынауы елеп, мойымауы. Сонымен бірге аға жолын қуғандай ақындығы, журналист, көсемсөзші болуы туралы баяндалады.*

**Кілт сөздер:** «Қазақ» газеті, «Қазақ әдебиеті» газеті, редактор, жазушы, ғалым, әдеби, мәдени.

### 1 Кіріспе

А.Байтұрсынұлы: «Әуелі – газет халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Газетасы жоқ жұрт басқа газетасы бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды» [1], – десе, Сырбай Мәуленов: «Газет – кадрлар дүкені, тәрбие мектебі», «Газет – ізденістер алаңы, жаңа тапқырлық жолдары», «Газет болған істі тіркеуші емес, ұшқыр оймен алдағыны көре білуге де, соған жұртты жұмылдыруға да міндетті» [2], – деп Ахаңның айтқандарын дамыта түседі.

Яғни, Ахмет Байтұрсынұлы да, С. Мәуленов те ұлттық мәні бар саяси-әлеуметтік, сондай-ақ әдеби, мәдени мәселелерді жазып, халықтың санасын оятып, рухын көтеруде баспа-сөздің атқарар міндетін жақсы түсінген. Сондықтан да Ахаң бар күш-жігерін газет шығаруға, газет ашқан соң оны сақтап қалуға жұмсаса, Сырбай да сол жолда табандылық танытқан.

Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстан әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, профессор Әбдімәлік Нысанбаев «Қазақ» газеті туралы «Қазақ» кітабына жазған «Азаттық рухының күміс қоңырауы» деп аталатын алғы сөзінде «Әлихан Бөкейхан сол кездегі қазақ зиялыларының бәрін бір мақсатқа жұмылдырып, солардың үнін қалың жұртшылыққа жеткізіп тұрған «Қазақ» газетінің бес жыл бойы 265 нөмірі жарық көріпті, – деп жазады. – Қазіргі өлшеммен қарасақ, тым аз. Бірақ, сол замандағы қалыптасқан ахуал тұрғысынан бағаласақ, отарлық езгідегі елде, отаршылдардың көз алдында, жария түрде тәуелсіздік идеясын насихаттайтын газетті бес жыл бойы шығарып тұру үлкен ерлік болатын».

### 2 Материалдар және әдістер

Әрине, газет шығару оңай іс емес. Ол үшін қаражат, баспахана, баспа ісін жақсы білетін мамандар, журналистер керек. Газетті тарату да оңайға түспейді. Дегенмен, елдің қамын ойлаған Ахаң осы қиындықтардың бәрін жеңіп, «Қазақ» газетін азаттық туындай биік көтере білді.

Ол – батыр да батыл, әділ де әдепті, білікті де ұстамды, ұлағатты ұстаз редактор болған. Оның халық үшін қандай да қиындыққа шыдап, ел мүддесін өз басының қамынан биік қоя білгенін Міржақып Дулатовтың мына жазбасынан да анық байқаймыз.

«Редакцияда жиі тінту болып тұратын. А.Б-ны губернаторға не жандарм бастығына жиі жауапқа шақыратын. 1914 жылы «Қазақ» газетінің 80-нөмеріндегі патша үкіметінің «Қырғыз өлкесін басқару туралы Ережесі» А.Б. сынағаны үшін Орынбор губернаторы Сухомилинов оған редактор ретінде 1500 сом айып салды, ал ондай сома төленбеген жағдайда А.Б-ны 3 ай абақтыға жабумен алмастыру жөнінде бұйрық берді. 1500 сом төлеу газетті жабумен бірдей болғандықтан, А.Б. денсаулығының нашарлығына қарамастан кесімді мерзімге отыруға келісім берді. Қазанның 20-да А.Б.-ны түрмеген жапты».

Бұл ерлік емес пе?! Бірақ Ахмет Байтұрсынұлының замандастары оны абақтыға қаматып, қолдарын қусырып бос қарап отырмай, ақша жинап, төрт-бес күннен соң босатып алады.

«Қазақ» газетін мұндай айыпқа тарту жиі болып тұрған. Алайда бас редактор А. Байтұрсынұлы мен оның серіктері қиындықтың бәріне төзіп, газетті сақтап қалып отырған.

А.Байтұрсынұлы «Өнердің ең алды сөз өнері деп саналады», «Өнер алды-қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар, – десе, академик З. Қабдолов: «Тіл жоқ жерде көркем әдебиет те жоқ»– дейді.

Бас редакторлыққа С.Мәуленов тағайындалып, «Қазақ әдебиеті» газеті қайтадан шыға бастаған (14 январь, 1955) кезде ана тіліне айырықша көңіл бөлінді. Газеттің алғашқы санында Мұхтар Әуезов «Сәт сапарға дос ниет» деген көлемді мақаласында басылымның алда тұрған міндеттеріне тоқтала келіп: «...өсудің үлкен айғағының бірі – әдеби тілдің көркеюінен, шеберленіп өнерленуінен көрінеді. Кей уақытта күнделік қолданып жүрген тілдегі жетіспеген олқылық, олақтық, дәмсіз, нәрсіз, сұрғылт жүдеулік пен штамп тәрізді арзан қолды схемалық көп болса, сондай міндерді де түзей отыруы керек», – деп жазды. Жазушының еңбегі арқылы әр елдің әдебиет тілі көркейеді. «Мақсұтым тіл ұстартып, өнер шашпақ»деп Абай атаған жазушылық міндеті кеміген жоқ, қайта күшейе түсті...».

Газеттің осы алғашқы санында Ісмет Кеңесбаев та «Тіл байлығы үшін» деген тілек-лебізінде белгілі бір шығарманың мазмұны қанша қызғылықты болғанмен, оның тілі нашар олпы-солпы, дәмсіз, татусыз болса, ол шығарманың көркемдік қасиеті болмайтынын, сондықтан «Қазақ әдебиеті» газеті тіл шеберлігі мәселелерін әрдайым сөз ете отыруын ескертеді.

Ғабиден Мұстафин «Талант қанатпен шарықтайды» [3] деп аталатын мақаласында да жазушыларға алуан түрлі білім, жақсы, жаңа ойлар, бай материал, төзімділік, жауапкершілік керек екенін айта отырып, осының бәрі бойынан табылған күнде де тіл соларға сай келмесе, шығарманың бағасын төмендетінін, кейде мүлде құнын жоятынын айтады. «Тіл күшіне өлшеу жоқ, тіл көркемдігіне теңеу жоқ. Тіл өлгенді де тірілтеді» дейді.

«...өнердің бәрінің де қызметін шама-шарқынша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай ән-күй болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады» [4], – деп Ахмет Байтұрсынұлы жазғандай, тіл – барлық ғылымның негізі. Сондықтан да газет шыға бастаған алғашқы күннен тіл мәселесінің сөз болуы қалыпты жағдай. Алайда, ғалым Ә. Нарымбетовтің «Ана тілін ардақтайық» [5] деп аталатын мақаласынан сол кездегі қазақ тіліне деген көзқарастың қандай болғанын байқау қиын емес. «Қазақ әдебиеті» газетінде басылған «Ең үлкен мәдени байлық» (1965, 22 апрель) атты мақалада мектептерде, жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытудың, тілдің көкейтесті мәселелері орынды көтерілді. Мектептерде, жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытудың, тілдің лексикалық, орфографиялық, терминологиялық мәселелері төңірегінде пікір алысатын, ойласатын, ақылдасатын жайларының көп екені сөзсіз.

### 3-4 Нәтижелер мен талқылау

Мақалада айтылған пікірге толық қосыла отырып, кейбір ойымызды ортаға салғымыз келеді, – деп, автор – әрбір азамат өз ана тілін жақсы білуге міндетті, білмейтін кісіні нағыз мәдениетті адам қатарына қосу қиын» деп тұжырым жасайды. Кейбір қазақ зиялыларының ана тілінде жаза да, сөйлей де білмейтінін сынайды.

Әрине, мұндай мақала жоғарыда отырған орыс тілді азаматтарға ұнай бермейтіні рас. Бірақ шындық! Сол кездегі қазақ тіліне деген немқұрайлылық, салғырт-салақ қараушылық әдемі көрініс тапқан.

Газет «Жас әдебиетші» деген мақаласында да Қазақ ССР Оқу министрлігінің Қазақстандағы жоғары оқу орындарынан қазақ тілі пәнін алып тастағанын, бұл тіл мен әдебиеттің тағдырын жете ойлағандықтан танытпайтынын, осындай жоғарыдан болған өзгерістер қазақ тілі мен әдебиетінің даму процесіне көп залалын тигізгенін батыл айтқан.

«Ол (С. Мәуленов – С.О) шалғай дайындалған, шала жансар мақалалар, өлең-жырларды, очерк, суреттемелерді, жай хабарларға шейін мұқият оқып, астын сызып, кемшілігін анықтап көрсетіп бөлімдерге, яғни дайындаған қызметкерлерге қайтып беретін» [7; 30-31] – деп «Қазақ әдебиеті» газетінде сол кездегі бірге қызмет істеген әріптесі Мұзафар Әлімбаев жазғандай, қандай материал болмасын, бас редактордың алдынан өтетіні белгілі. Әсіресе, басмақаланы газет басшысы оқымай жіберуі – екіталай дүние. Редактор жоғарыдағылар не дейді деп жалтақтық танытса, әрине, мұндай өткір сын пікірлер газет бетінде айтылмаған болар еді.

Редактор А. Байтұрсынұлы газетке белгілі, оқыған, елге сыйлы, қаламы жүйрік ақын-жазушыларды автор етіп тарта білген. XX ғасырдың басындағы саяси-әлеуметтік өмірдің ең түйінді мәселелеріне қалам тербеген, саясаткер-публицист Әлихан Бөкейханұлының, жазушы публицист, ақын Міржақып Дулатұлының, Абайдың жалғасындай ақын, композитор, сегіз қырлы Шәкәрім Құдайбердіұлының, талантты ақпа ақын әрі публицист Мағжан Жұмабайдың, ақын, сықақшы, аудармашы Сәбит Дөнентайдың, ұлы жазушы Бейімбет Майлиннің, сыршыл, эпик ақын Сұлтанмахмұт Торайғырұлының, белгілі ақын Ғұмар Қараштың, сол сияқты ақындар Ахмет Жанталиннің, Мұхамедияр Түркеновтің, Жүсіпбек Жиенбаевтың, Жүсіпбек Басығариннің, Бекмағамбет Серкебаевтың, Ахмет Маметовтің, тағы да басқалардың «Қазақ» газетіне шыққан шығармалары оның мән-мазмұнын көтере түскені айдан анық. Сонымен бірге олар да «Қазақ» газеті арқылы қаламдарын ұштап, қанаттарын қатайтып, еліне еңселене көрінді.

Редактор С.Мәуленов те газетке белді де беделді, қаламы жүйрік журналистер мен ақын-жазушыларды, сыншыларды, өнер қайраткерлерін тарта білген. Орынбасары арқалы ақын, кең пішіп, кемел ойлайтын Жұбан Молдағалиев болса, хатшысы белгілі ғалым Төкен Әбдірахманов, бөлім меңгерушілері стилист жазушы Нығмет Ғабдуллин, сыршыл ақын Берқайыр Аманшин, елімізге танымал фельетоншы сатирик Садықбек Адамбеков... Әдеби қызметкерлерден Әділғазы Рахымжанов, Баймұхамбет Тоқтаров, Бекен Жүсіпов және тағы басқалар. Авторлары да айтулы адамдар: Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин, Ғабит Мүсірепов, Қаныш Сәтбаев, Ісмет Кеңесбаев, Мәлік Ғабдуллин, Ғабдол Сланов, Зейнолла Қабдолов, Тахауи Ахтанов, Зейін Шашкин, Темірғали Нұртазин, Мұхамеджан Қаратаев, Қайнекей Жармағанбетов, Сақтаған Бәйішев...

«Қазақ» газетінде Ғалия медресесі шәкірттерінің шығармалары жиі жарияланып тұрған. Бұл олардың қанаттарының қатайып, ақындық журналистік, жазушылық жолға түсуіне көп септігін тигізген. Мәселен, Жүсіпбек Аймауытов: «Ең алғашқы бастаған сөзім – 1913 жылы болса керек, бір ақымақ алыпсатардың болыс болсам деп, елге бір мөсте шай апарып, елдің қулары болыс қоямыз деп, шайларын алдап алып бос қайтқанын жазып едім. Бұл хабар «Қазақ» газетінде басылды. Сол хабардың басылуы қалам ұстауыма үлкен себеп болды», – деп жазса, Мұхтар Әуезов: «Қазақ» газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ахаң

ашқан мектепті оқып шыққалы табалдырығын жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр. Ахаңның бұл істеген қызметі – қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш – мәңгілік ескерткіш», – деп көрегендікпен айтқан. Ахаңнан, Ахаңның «Қазақ» газетінен – мектебінен тәлім-тәрбие алып, қияға қанат қаққан ұландар аз ба? Ахаң оятқан сана, намыс, Ахаң қайраған қайрат, жігер аз ба?!

«Жақсыдан – шарапат...» дейді халық. С.Мәуленовтің ініге ізетті, ағаға ақ адал қамқор болғанын талантты ақын Тұманбай Молдағалиевтің «Естен кетпес еңселім, көп іздеймін мен сені» деген эссесінен байқауға болады: «Ол Қасымды ұстаз аға тұтса, біз оның өзін өмірімізге үлгі, өлеңімізге дем берер басшымыздай көрдік, алдын кесіп өткен емеспіз. Түйемізден жүк ауса, Сырбайды іздеп табушы ек. Біреуден жәбір көрсек, тағы да Сырағамызға барып шағынушы едік. Қанатымның қатаюына, өнерімнің өркен жаюына көмектескен азғананың ішінде бар еді ғой Сырағам. Бетімді қағып көрген жоқ. Еркелігімді көтерді...» [7; 354].

Ақын Сағи Жиенбаев та Сырбай ағасы туралы толғана жазыпты: «...Алматым мені күткендей болмады... Қайтып та кеткім келді. «Ақын болам деп кетіп еді, пақыр болып қайтты ғой» дейтін жұрт табасына қалам ба деп те намыстандым... Не керек, көп «жортуылдың» бірінде құдай мені Сырағаңа жолықтырды... «Қазақ әдебиетінің» бас редакторы, «Қазақ әдебиетінің» дүрілдеп тұрған кезі. Қазақ баласына оның әр сөзі- құран сөзіндей, қолдан- қолға тимейді. Кеше ғана әркімнің есігін сығалап жүрген мен – бір-ақ күнде газеттің білдей қызметкері болып шыға келдім... О кезде Сырағанды сағалайтындар көп еді, кең құшақтан маған да орын табылды...» [7; 192].

Ақын К.Салықов «Әмбеге қамқор жан еді» мақаласында С.Мәуленовтің қамқорлығын айта келіп: «Ағадан ұлағат алып, қамқоршылық деген тамаша мінезін өз қолымнан келгенін жалғастырып ұмытпадым. Маған да алғыс айтқан ағаларым, қарындастарым, інілерім жоқ емес. Сыраға, сіз бердіңіз сол мінезді. Тіршіліктегі алыс-берісте үлкені осы шығар. Алпыстың асқарына шыққанда айтарым: аға буын, әрқашан Сырағандай кейінгіге қамқор болайық» [7; 180-189],–дейді.

Осы сияқты Ш. Мұртазаның «Волоховта болдым, орманын көрдім» [7; 312], С. Асановтың «Қамқор болған әкедей» [7; 222], С.Баймолдиннің «Асқар таудай Сыр-ағам, – аруақты бір ағам» [7, 199], С.Қалиевтің «Қастерлі тұлға» [7; 199], Қуандық Мәшһүр Жүсіптің «С.Мәуленов» [7;299] деп аталатын естеліктерінде де Сырбай – ақынның, Сырбай – редактордың, Сырбай – публицистің, Сырбай – сыншының қамқор жүрегі, табанды мінезі жайында алуан сыр ақтарылады.

Бес жыл бойы халықтың саяси күрес құралына айналып, тіліміздің, діліміздің, мәдениетіміз бен әдебиетіміздің, ғылым, білім өнеріміздің өркен жаюына зор үлес қосқан «Қазақ» газеті Омбы атқару комитетінің 1918 жылғы 4 наурызда Орынбор совдепіне берген телеграммасына орай 1918 жылдың қыркүйегінің соңында 265 санынан кейін өз жұмысын тоқтатты.

Өйткені, Омбы атқару комитетінің Орынбор Совдепіне берілген телеграммасында: «В виду того, что киргизский орган партии Алаш «Казах» является контрреволюционным, открыто выступает против советской власти, организуя Алаш Орду, просим немедленно закрыть газету» деген нұсқау жолданған еді [8; 153].

Академик Серік Қирабаев «Сырбай – классик» деп аталатын сын мақаласында оның «Қазақ әдебиетінде» бас редактор болып істеген жылдарының өзінше бір кезең болғанын, ұжым басшысы ретіндегі дархан мінезін, жан дүниесінің шалқарлығын, журналист, публицист ретіндегі алғырлығын, қаламының жүйріктігін айтады. Соғыс кезінде тоқтап қалған газетті қайта ашып, аз уақыттың ішінде республиканың ең таңдаулы басылымдарының қатарына қосқанын, онда ауыл мәдениетінің жайы мен қазақтың ұлттық мүдделеріне байланысты мәселелер өткір де батыл көтерілгеніне тоқталады. «Ол кезде ұлт қамына байланысты тың ойлар айту тым қауіпті де еді», – дейді. Соған қарамай ерлік жасады. Ақыры ұлтшылдық айып тағылып орнынан босады [7; 47].

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы партия тарихи институтының ғылыми қызметкерлер Т.Кәкішев, Р.Сәрсенбаев, Х.Хасенов, Т.Әлішеров, А.Байшин, А.Мұқтаров, «Қазақстан комунисті» журналының қызметкері Қ.Әбілдаев, «Үгітші блокноты» редакциясының қызметкері Қ.Әлиасқаров қол қойған «Тіл мәдениеті» [8] деген мақалада да біраз газет журналдардың орысшадан қазақшаға аударма болып шығатын, сонын салдарынан мамандар өз ойын толық жеткізе алмайтыны, Қазақстандағы жоғары оқу орындарының көбінде қазақша бөлімдердің жоқтығы, Қазақстан тақырыбына арналған еңбектерде, диссертацияларда қазақшашыққан баслымдарға сүйену бола бермейтіні кеңінен айтылады. Мақала: «... Өз ұлтын сүймейтін адам басқа ешкімді де сүйіп жарылтпайтынын ұғуға тиіспіз. Әділ де батыл пікір айтқан жолдастарды «ұлтшыл деген бір сөздің құдыретімен» қорқытуға машықтанып қалғандарға тойтарыс беретін уақыт жетті. Өңгімебіржақты болмау үшін пікір айтысына шаруашылықтың барлық саласындағы адамдардың да қатысқаны дұрыс» деп түйінделеді.

Осы сияқты «Әдебиет және оқулық» [9], Т.Жанұзақовтың «Терминдер жайында» [10], Ғ.Мұсабаев «Тағы да терминдер туралы» [11] деген, тағы басқа мақалаларда қазақ тілінің жайы кеңінен сөз болады.

Ғ.Қайырбековтың «Ана тілі» деп аталатын өлеңі де сол 1956 жылы жарық көріпті.

...Ана тілім, күшім менің- қуатым

Жырым сендік жүрегімнен туатын.

Тауысар ма ырысыңды, қорынды

Тізілісіп қатар жазса мың ақын?! [12], –

дейді автор.

Батыл да әділ жазылған мақалалар, басқа да шығармалар сол кездегі өкімет назарынан тыс қалмайтыны белгілі. Сырбай Мәуленов редакторлықтан, Жұбан Молдағалиев редактордың орынбасарлығынан, Төкен Әбдірахманов жауапты хатшылықтан босатылды.

Ғалым Жұмағали Ысмағұлұлы Сыр-ағанның жыр маржандарынан тізілген өлең өрнектері де, дауылдата, түйдектете, төгіп-төгіп жіберетін қанатты қара сөздері де әрдайым ұйқасқа ұйытылып, бейнеге бөктерілген құнарлы да шұрайлы тіл өнерінің аруақты туындай желкілдеп тұратынын, аузынан шыққан жай сөздің өзі қырандай қанат қағатынын, өзі айтқандай әрі қысқа, әрі нұсқа ақыл болып, халық жадында сақталып қалатынын, айта келіп Сыр-ағанның ақындығы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, ауысқан сайын арнасын кеңітіп, толыса берген ұлы Аханның ақындық мектебінен нәр алғанын айтады. «Сыр-ағаң сол Аханның тікелей мирасқоры, заңды мұрагері еді», – дейді. – Бірақ амал қанша, Ахаң атына қатаң тыйым салынып, Ахаң мұрасы халық қазынасынан ажырап қалған сойқанды жылдары Сыр-ағаң әулие сөздің атасын ауызға алып, аруағына сыйыну былай тұрсын, тіпті тек ақын болғаны үшін-ақ Аханның жоғын жоқтап жүргендей жазықты саналып, талай түндерде мезгілсіз жауапқа шақырылғанын, талай салпаңқұлақ жансыздарды соңынан шұбыртып жүргенін соңғы бір жылдары қынжылып еске алғаны бар еді.

Әйтсе де, одан өлең дәстүрі үзілген жоқ, өнер өрісі тарылған жоқ» [7; 356].

Бұл ұрпақтар сабақтастығы. Торғай ақындық мектебінің де, ана тіліміздің тазалығы үшін күрестің де бастауында Ыбырай Алтынсарин тұр. Оны ұлы ұстаздың жолын қуушы талантты шәкірті Ахмет Байтұрсынұлы жалғап, жаңа бір биікке көтерсе, ана тілімізді Аханды ардақтаған Сырбай да қорғай білді.

Тілші ғалым Сейітбек Нұрханов «Сырекем туралы сырымды айтсам» естелігінде Сырбайдың Ахмет Байтұрсыновқа туыстығын, Ахаң жанының крішіксіздігін, өзінің «Со-весть народа» деген атына, атағына сай, періштедей пәк күйінде дүниеден өткенін, ол кісінің өмірінің біздер үшін, болашақ ұрпақ үшін ұмытылмас бір ғибратты ақаусыз адалдығында, ар-намысының тазалығында екенін мысалдар келтіре отырып дәлелді жеткізіп, «Сырекең бойындағы рухани тазалықтың да бір көзі осында жатса ғажап емес», – дейді [7; 251].

Сырағанның шындығында да А.Байтұрсынұлына туыстығы да жоқ емес еді. Ол жайында ақынның жары Күлжамал Әмірқызы (Мәуленкеліні) қазақтың қай киырын да жүрегімен, бар болмысымен сүйген ақкөңіл Сырекеңнің төркін жұртына деген құрметінің де ерекше болғанын, әкесі Әмірдің әкесі Қалидың Ахмет Байтұрсынұлымен бірге туатынын ағайындар екенін айта келіп: «Сонау бір жылдары Сырекеңді Алаш көсемінің, Халық жауының қарындасын алдың деп жарық күнде соңына шам алып түсушілер де табылып жатты ғой. Сонда батыршалыс Сырекең сол қоқан-лоқының біріне де мойымап еді. Қайта өзінің Ахаңа бір табан болса да жақын екенін мақтан тұтатын» [7; 405].

Сырбайдың руы – Аю, нағашылары – Үмбетей.

Зибаһ Жарылқасқызының әңгімесі:

Туып өскен жерім бұрынғы Торғай облысы, Тосын болысы. Руым Аю. Негізгі аталарымды айтсам – Аққозы. Ол кісінің бесінші баласы Сәркеден менің атам Нұрымбай туады. Одан менің әкем Жарылқас туады. Ал Аққозының тоғызыншы баласы Байжаннан Сүттібай туады. Одан Тай. Тайдан Мәулен. Мәуленнен Сырбай туады. Бұл кәдімгі қазақ ақыны Сырбай Мәуленов. Менің Сырбаймен ата жағынан туыстығым осындай.

1912 жылғымын. Келген жерім Ақкөл, үмбетей елі. Күйеуім Қасымхан 1907 жылғы. Оның Алмагүл деген туған апасынан Сырбай Мәуленов туады. Менің күйеуім Қасымхан – Сырбайдың туған нағашысы.

Күйеуім Қасымхан Досжан дегеннің баласы. Руы Үмбетей дедім. Бұлар Ахмет Байтұрсынұлымен аталас, жақын адамдар. Ол былай. Үмбетейден Аралбай туса, Аралбайдан туған төрт ұлдың бірі Таңбай. Ал Таңбайдың төрт ұлының үлкені Жатайдан Бекназар. Одан Досжан, Досжаннан Қасымхан. Жатайдың туған інісі Шошақтан Байтұрсын, одан Ахмет қой. Енді бір қызығы менің шешем Гүлімжан да Жатайдың бір баласынан туады. Сонда, шешем Гүлімжан Досжан атаммен, Ахметпен шөбере болып шығады.

1926 жылы біздің ауылға маған құда түсуге келгенде солардың арасында Мәуленнің інісі Сардар, Байтұрсынның жақын інісі Қасым болды [9; 203-204].

С.Мәуленов «Өзен ағысы – өмір ағысы» деп аталатын портреттік очеркін Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығына, өмір жолына арнаған. Автор Ахмет Байтұрсынұлының Торғай өзені бойында, Ақкөлде балалық шағы өткенін айта келіп, өзен ағысы мен өмір ағысын салыстыра сыр тербейді: «Өзендер біресе тартылып, біресе шарқ ұрып жатады. Адам керуені де үдере көшіп жатады. Көне Торғай – көне заманды басынан кешірген тарихи өзендердің бірі».

«Бала Ахмет Ақкөлден оқуға аттанып, алғаш рет оқуға осы Торғай өзені жағасында ғылым жолына біржола бет бұрған».

«Өзендер біресе тартылып, біресе шарқ ұрып жатады» деген жолдарды ақын-журналист ішкі ұйқасқа құрып, әсерлеп, әсемдеп жеткізеді. Әрі осы сөйлемде кісіні ойландырып, толғандыратын философиялық ой да бар. Өзен ағысының бірде тартылып, бірде арнасынан аса ағуы адам өмірімен сабақтасып жатыр. Бұл да Мәуленов очерктеріне тән көркемдіктердің бірі.

«Өзен сияқты уақыт та үнемі үдеп ағып, үздіксіз қозғалыста. Біресе толқыны тулап, улап-шулап жарға соғады. Біресе жыртқыш шортандар жүзген тұңғықты тулатып, түбінен жем іздейді. Сондай тұңғыққа Ахмет 1909 жылы тірелді. Жыртқыш шортандар түрмесіне қамалды... Әрине, ел арасында Ахметті түрмеге жабуға жанталаса күш салған күншілдер болмай қалған жоқ. Соларға қаны қарайып, зығырданы қайнаған ақын мынадай өлең жазды:

Мен не жазып ем, құдая, бұл қазаққа,  
Мүтәла ғып салғандай бұл азапқа.  
Адамшылдық есебіне кіргізіп,  
Қол жетсін дегендік пе азатқа...»

Ол ақын өлеңін түгел беріп, өлеңнің күншілдер мен өсекшілерге, қызғаншақтарға қарғыстай болып тигенін айтады.



## 5 Қорытынды

«Торғай ағып жатыр. Ол талай тарихты басынан кешірді. Сонау бір жылдары сарқылып, тартылып қала жаздаған шағы да болды. Қаралы аурудай жылап ақты Торғай. Өзенге де, жағасы жайлаған елге де ойламаған жерден нәубет келді... Аштық патшасы Голощекин асыра сілтеп, қанды қырғынды қолдан ұйымдастырып, елді тентіретіп, бостырып жіберді...»

«Торғай ағып жатыр» деу арқылы журналист өмірдің тоқтамайтынын, оны тоқтату ешкімнің қолынан келмейтінін сездіреді. С.Мәуленовтің бұл жолдарында да тебіренісі, өмір жайлы толғанысы жатыр.

Автор жаладан Ахметтің де құтыла алмағанын тебірене толғайды. Шынында да еркін айтып, еркін жазып, ғылыммен шұғылдануына үкімет жағдай туғызғанда, А.Байтұрсынұлы сияқты ғалымдардың берері мол еді. Сонда да ол елді қалың ұйқысынан оятып, ойлануға, бостандық, теңдік, елдік үшін күресуге үйретті. Ұлт ұстазы болды, соңында ізін жалғастырар шәкірттері қалды. Автор бұл жайды – «өзен ағысы сияқты өмір ағысының да тоқталмайтын» сол ізбасарларын айту арқылы жеткізеді. Оның Торғай торабындағы талай жастардың ақындық жолға түсуіне де ықпал-әсері тигені даусыз екенін айтады.

Журналист Ахмет Байтұрсынұлының жан-дүниесін, сан қырын: ағартушылығын, ақындығын, ғалымдығын, композиторлығын, журналистігін, редакторлығын талдап, ашып көрсетеді.

«Бозторғай болып шырылдаса, аспан алыстық ететін болған соң жердегі маса болып ызындап» қалғыған қараңғы елді білімге шақырды. Крылов мысалдарын аудару арқылы сол кездегі елдегі сойқанды сорақыларды, орасан олқылықтарды, кесірлі көріністерді, кедергі кеселдерді сынап-мінеп, шенеп бетке басты».

Очеркист тілі бейнелі, шұрайлы, метафора, эпитетке толы. Нақты пікір, орнықты ой, сұлу сурет, шынайылық, қарапайымдылық та бар. Очеркті оқи отырып оның ұлы ғалымға деген махаббатын-жүрек дүрсілін сезінесің. Очерк соңы да әдемі сезіммен аяқталады:

«Торғай ағып жатыр. Ол ғасырлардың терең түбінен бас алып, уақыт пен кеңістікті толқынымен тербетеді. Оның толқынында ұмтыла жаздап, қайтадан жаңғырған Ахмет Байтұрсыновтың даусы бар» [13].

Автор әдеттегі жаттанды сөздерден қашып, оның ел есінде мәңгі өмір сүретінін осылайша образды сөздермен бейнелеп жеткізеді.

Биыл А. Байтұрсынұлының туғанына 150, Сырбай Мәуленовтің туғанына 100 жыл.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Хурметлу оқушылар! // Қазақ, №1, 1913. Б.1.
2. Мәуленов С. Шыңдалу мектебі // Қостанай таңы, 1983. 1 сентябрь.
3. Мұстафин Ғ. Талант қанатпен шарықтайды // Қазақ әдебиеті, 1956. 14 январь.
4. Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991.
5. Нарымбетов Ә. Ана тілін ардақтайық // Қазақ әдебиеті, 1956. 1 июнь.
6. Жас әдебиетші // Қазақ әдебиеті, 1956. 8 июль.
7. Жыр сұңқары, Сыр тұлпары – Сырағаң // Ұжымдық жинақ. – Алматы: Атамұра, 1996.
8. Кәкішов Т., Сәрсенбаев Р., Хасенов Т. ж.т.б. Тіл мәдениеті // Қазақ әдебиеті, 1956. 6 апрель.
9. Әдебиет және оқулық // Қазақ әдебиеті, 1956. 31 август
10. Жанұзақов Т. Терминдер жайында // Қазақ әдебиеті 1956. 7 октябрь
11. Мұсабаев Ғ. Тағы да терминдер жайында // Қазақ әдебиеті 1956. 30 ноябрь
12. Қайырбеков Ғ. Ана тілі // Қазақ әдебиеті, 1956. 6 апрель
13. Әбдиманұлы Ә. Ахмет Байтұрсынұлы: – Алматы: «Арда», 2007.
14. Ілияс Б. Алтын бесік. – Қостанай, 1998.
15. Мәуленов С. Өзен арнасы – өмір ағысы // Алматы ақшамы.

ОСПАНУЛЫ, С., МЫРЗАГАЛИЕВА, К.М., НУРСУЛТАНОВА, А.С.  
РЕДАКТОРЫ А. БАЙТУРСЫНОВ И С. МАУЛЕНОВ

*С. Мауленов, то ли потому, что родился в той же земле, то ли потому, что очень гордился нашим духовным лидером, то ли в силу своего характера, как-то полюбил Ахмета Байтурсынова. Он честен, заботу людей ставит выше своей семьи, он стойкий, говорит правду, не поддается никакому влиянию. При этом рассказывается о том, что он стал поэтом, журналистом, оратором, как будто пошел по пути своего старшего.*

**Ключевые слова:** газета «Казак», газета «Казакская литература», редактор, писатель, учёный, литературный, культурный.

OSPANULY, S., MYRZAGALIEVA, K. M., NURSULTANOVA, A.S.  
EDITORS A. BAITURSYNOV AND S. MAULENOV

*S. Maulenov, either because he was born in the same land, or because he was very proud of our spiritual leader, or because of his character, somehow fell in love with Akhmet Baitursynov. He is honest, he puts the care of people above his family, he is steadfast, tells the truth, does not give in to any influence. At the same time, it is told that he became a poet, journalist, orator, as if he followed the path of his elder.*

**Key words:** newspaper "Kazakh", newspaper "Kazakh literature", editor, writer, scientist, literary, cultural.

УДК 004

**Шәкімов, А.М.**

магистрант 2 курса,  
Костанайский региональный университет  
имени А. Байтурсынова  
г. Костанай, Казахстан

## РОЛЬ ВНЕУРОЧНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И ПРОЕКТИРОВАНИЯ ПО РОБОТОТЕХНИКЕ В РАЗВИТИИ ШКОЛЬНИКОВ

### Аннотация

*В статье представлено исследование по обучению робототехнике в целях развития творческого потенциала личности обучающихся средствами внеурочной деятельности.*

**Ключевые слова:** внеурочная деятельность, методические основы, техническое творчество, программное обучение, образовательная робототехника.

### 1 Введение

В настоящее время робототехника является одной из наиболее актуальных и бурно развивающихся областей промышленности, где большую роль играет проектирование и создание робототехнических конструкций на основе манипуляторов и малогабаритных микропроцессоров.

Пищевая, легкая, тяжелая промышленность, медицина, автомобильная, судостроительная, авиационная, военная, космическая и др. Невозможно представить окружающую современную действительность без автоматических устройств разработки и производства продукции. Поэтому робототехника востребована. Векторы научно-технического прогресса, поскольку мы все чаще наблюдаем интеграцию машин и современных технологических достижений с искусственным интеллектом.

Начало развития робототехники относится к 20 веку: первый промышленный робот Unimate на базе датчиков угловых и линейных перемещений (Д. Девол, Д. Энгельбергер,

конец 50-х гг.); робот с тактильным датчиком (Х. Эрнст, середина 60-х), робот-глаз-рука с тактильным, позиционным и зрительным датчиками (группа Р. Пауля, начало 70-х). Начало XXI века характеризуется появлением искусственного интеллекта, т. е. сознание обеспечено разведывательной информацией, в том числе «знаниями специалиста-эксперта (экспертной системы) (по Д.Г. Копосову)» и интеллектуальных машин с интеллектом. на основе технических достижений нейронных сетей («искусственные компьютерные системы на основе аппаратной защиты) (по Д.Г. Копосову)» [Никитина, 2014, 12].

